



БЕКТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» ҚААҚ
басқарма төрағасы, ректор
А.М. Намытов
7.2
«26» 2022ж.







ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ
(МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН) ТЕСТІЛЕУ ТҮРІНДЕ
ӨТКІЗУ**

СМЖ.09.ҚЕ.04

Басылым № 07

Дана № _____

Дайындалды: 22.08.2022	Келісілді: 25.08.2022	Енгізілді: 27.08.2022
Мугалова Ж.С. 	Губашев Н.М.  Бакушев А.А.  Алмагамбетова М.Ж.  Ихсанов Е.Б. 	СМЖ.09.ҚЕ.04 10.05.2021 ж. орнына Қайта қаралуы: 27.08.2025

Мазмұны

1. Мақсаты
2. Қолданылуы
3. Терминдер және қысқартулар
4. Жауапкершілігі және өкілеттігі
5. Сипаттама
6. Құжаттама
7. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізу мерзімі	Беттердің нөмірі	Дайындаған	
			Аты-жөні	Қолы

1. Мақсаты

Бұл қызмет туралы ереже Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің (әрі қарай университет) білім алушылардың білім деңгейін бағалау мақсатында аралық және қорытынды аттестаттауды (мемлекеттік емтихан) тестілеу түрінде ҚР МЖБС талаптарына сәйкес жоғары кәсіби білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларын игеру кезінде ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

2. Қолданылуы

Бұл ереже білім алушыларды аралық және қорытынды (мемлекеттік емтихан) аттестаттауды тестілеу түрінде ұйымдастыру мен өткізуге қатысатын университеттің барлық құрылымдық бөлімшелеріне арналған.

3. Терминдер және қысқартулар

3.1 Терминдер

Бұл ережеде қолданылатын терминдер мен анықтамалар СТ РК ISO 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Негізгі ережелер және сөздігіне сәйкес келеді.

Сонымен қатар, сапа менеджменті жүйелері жазбаларын басқаруда СМЖ.07.ҚР.01-Ақпараттарды құжаттау рәсімінде, СМЖ.09.ҚЕ.01 – Білім алушыларды ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу туралы қызмет ережесінде келтірілген қысқартулар қолданылады.

4. Жауапкершілігі және өкілеттілігі

Тестілеу нысанында аралық және қорытынды аттестаттауды (мемлекеттік емтиханды) сапалы өткізуді қамтамасыз ету оның қатысушылары - оқытушылардың, жоғары мектептің, институттың, академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың, цифрлық даму орталығының жалпы жауапкершілігі болып табылады.

5. Сипаттама

5.1 Жалпы ережелер

Осы Ереже Жәңгір хан атындағы БҚАТУ академиялық саясатына және білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес білім алушыларды тестілеу нысанында аралық және қорытынды аттестаттауды (мемлекеттік емтиханды) өткізу тәртібін сипаттайды.

Аралық және қорытынды аттестация (мемлекеттік емтихан) тестілеу түрінде компьютерлік бағдарламаның көмегімен өткізіледі.

Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау (мемлекеттік емтихан) оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сай жүзеге асады.

Білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі емтихан сессиясы деп аталады.

Емтихан кестесін институттар тіркеу офисімен бірігіп құрастырады, академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысымен келісіледі, ОЖ жөніндегі проректорымен бекітіледі.

Емтихан кестесі білім алушылар мен оқытушыларға емтихан сессиясы басталғанға дейін екі апта бұрын ескертіледі.

Тестілеуді өткізу үшін тест сұрақтарының банкісі құрылады және оның сапасы тексеріледі.

Емтиханды тек рейтинг рұқсаты бар білім алушылар тапсырады.

Қорытынды бақылаудың нәтижесімен келіспейтін білім алушы шағымдануға құқылы.

5.2 Үдерістің кіріс және шығыс мәліметтерінің құрамына, ресурстарға қойылатын талаптар

5.2.1 Кіріс мәліметтері болып емтихан сессиясының кестесіне арналған мәліметтер, тест сұрақтарын қарастырып бекіту туралы факультет кеңесі отырысының хаттамасы, мемлекеттік емтихан сұрақтарының паспорты, тесттік сұрақтар банкісі саналады.

5.2.2 Шығыс мәліметі болып есеп саналады.

5.2.3 Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу үдерісіне қажетті уақыт пен еңбек сиымдылығына талаптар үдерісті жүзеге асыру барысында жұмыстың жекелеген кезеңдеріне жауаптылармен анықталады.

5.3 Жұмысты жүргізу тәртібі

5.3.1 Тест сұрақтарының құрылуына қойылатын талаптар

Пән бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес тест сұрақтары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде (оқытылу тіліне байланысты) құрастырылады. Жоғары мектепте пән бойынша тестілік сұрақтар базасы электронды түрде құрастырылады. Пән бойынша тест сұрақтарын құрастыруға жауапты болып пәнге бекітілген оқытушы табылады.

Пән бойынша тест сұрақтарының электрондық базасында болуы керек:

<i>Аудиториялық сабақтарының көлемі</i>	<i>Тест тапсырмаларының саны</i>
Жұмыс жоспары бойынша аудиториялық сабақтардың көлемі 1 кредитті құрайды (30 сағатқа дейін қоса алғанда);	кем дегенде 60 тест тапсырмасы
Жұмыс жоспары бойынша аудиториялық сабақтардың көлемі 2 кредитті құрайды (60 сағатқа дейін қоса алғанда);	кем дегенде 120 тест тапсырмасы
Жұмыс жоспары бойынша аудиториялық сабақтардың көлемі 3 кредитті құрайды (90 сағатқа дейін қоса алғанда);	кем дегенде 180 тест тапсырмасы
Жұмыс жоспары бойынша аудиториялық сабақтардың көлемі 4 кредитті құрайды (120 сағатқа дейін қоса алғанда);	кем дегенде 240 тест тапсырмасы
Жұмыс жоспары бойынша аудиториялық сабақтардың көлемі 5 кредитті құрайды (150 сағатқа дейін қоса алғанда);	кем дегенде 300 тест тапсырмасы

Тест тапсырмаларын құрастыру ережесі:

Тест тапсырмаларының орналасу реттілігі оларды оқу пәні бағдарламасы бойынша оқу тәртібіне сәйкес болуы тиіс.

Тапсырма тестіленушінің пікірін анықтамай, оқу материалын меңгеру деңгейін бағалауы керек.

Тапсырмалар 3 күрделілік деңгейіне топтастырылуы керек: жеңіл (базаның жалпы көлемінің 40%), орташа (40%), күрделі (20%).

Тапсырмалар жауап нұсқаларын жойғаннан кейін мәні анық болатындай етіп тұжырымдалуы керек.

Тапсырмалар мен жауаптардың мазмұны екіұшты және пікірталас сипатында болмауы керек.

Тест тапсырмаларының базасына теориялық сұрақтармен қатар есептер енгізілуі мүмкін.

Мәтінмен, формулалармен қатар тест тапсырмаларына графикалық кескіндерді, схемаларды қосуға рұқсат етіледі.

Тест тапсырмалары бір пән шеңберінде қайталанбауы керек.

Тапсырмалар екі түрлі болуы керек:

- бір дұрыс жауабы бар жабық типтегі тест тапсырмалары (5 жауап нұсқасы, оның 1-і дұрыс);
- бірнеше дұрыс жауаптары бар жабық типтегі тест тапсырмалары (8 жауап нұсқасы, оның 3-і дұрыс).

Дұрыс жауап нұсқаларында толық, нақты ақпарат болуы керек және нақты түсіндірілуі керек. Нұсқаның дұрыс емес жауаптары типтік қатемен және шындыққа жақын құрылуы керек.

Тест сұрағында жауаптарды ұсынудың бірыңғай стилі (мәтін, сандар немесе шамалар және т.б.) сақталуы керек.

Келесідей жауап нұсқаларын құрастыруға болмайды:

- Барлық жауаптары дұрыс
- Барлық жауаптары дұрыс емес
- Дұрыс жауап жоқ
- Дұрыс жауабы В) және С)
- Иә/Жоқ және т.б.

Егер пәнді бір оқу жоспарымен әр түрлі білім беру бағдарламаларында оқытылса, онда сол білім беру бағдарламалары үшін тест тапсырмаларының бір базасын даярлау керек.

Жыл сайынғы пән бойынша тест тапсырмаларының қоры кем дегенде 20% жаңартылып отырылуы міндетті.

Пән бойынша тест тапсырмаларының базасы бекітілген нысанға сәйкес дайындалуы қажет (5,6-қосымшалар).

Әр емтихан бойынша тест тапсырмаларының базасы жекелеген файлдарда жиналады. Файлдың атауы: оқу жылы, семестрі, ЖОЖ бойынша пәннің атауы, оқу тілі, тобы. Тест сұрақтары Word редакторында Times New Roman шрифтімен 14 пт терілуі керек.

Тест тапсырмаларындағы графикалық мәліметтер (суреттер, сызбалар, диаграммалар) растрлық форматта болуы тиіс (мысалы, векторлы форматтағы мәліметтерді Paint бағдарламасына көшіріп алып, тестке қоюға болады).

Әртүрлі белгілер мен өлшем бірліктерден және т.б. тұратын күрделі формулалар арнайы формулалар редакторы арқылы құрылуы керек. Мысалы: Microsoft Equation, MathCAD бағдарламасы арқылы.

Тест тапсырмалары қоры жоғары мектеп отырысында қаралып, бекітілуі керек. Тест тапсырмаларын (1-қосымша) және жоғары мектеп отырысының хаттамасынан көшірмені тестілеу бөліміне уақытылы тапсыру жоғары мектеп жетекшісіне, тест тапсырмаларының сапасы және оның безендірілуі жауапты оқытушы мен жоғары мектеп жетекшісіне жүктеледі. Тестілік тапсырмалардың сапасын бекіту туралы Институт Кеңесі отырысының хаттамасына аралық аттестаттаудың тест сұрақтарының паспорты бөлек беріледі (2 қосымша).

Оқытушы тестілеу бөліміне көрсетілген уақыттан кешіктірмей тест тапсырмаларын тапсыру керек. Жоғары мектепте тест тапсырмаларының электронды нұсқасы сақталуы қажет.

Тапсырғаннан кейін тест тапсырмаларының базасы техникалық сәйкестікке техникалық сараптамадан өтеді. Тексеруді жауапты оқытушы компьютерлік бағдарламаның көмегімен ұйымдастырады, ол дұрыс емес нөмірлеуді, бір сұрақтың ішіндегі жауаптардың сәйкестігін, жауаптардың соңында қосымша тыныс белгілерін, бос ұяшықтарды анықтайды.

Техникалық қателер анықталған жағдайда жауапты оқытушы сәйкессіздіктерді бір апта ішінде түзетуге міндетті.

5.3.2 Тестілеу түріндегі аралық аттестация

Білім алушының қорытынды бақылауға жіберілу рейтингі 100 балды құрайды. Жіберілу рейтингі білім алушының ағымдағы және аралық бақылау процесінде жиналған балл сомасынан құралады.

Оқуға төлемі бойынша қарызы бар білім алушы емтихан тапсыруға жіберілмейді.

Егер тест тапсырмасы бойынша 1 дұрыс жауап нұсқасы қарастырылса, тест-емтихан 30 тест тапсырмасынан тұрады, ал егер бірнеше дұрыс жауап нұсқасы болса 25 тест тапсырмасынан тұрады.

Тест-емтиханға 50 минут уақыт бөлінеді.

Қорытынды бақылаудың бағасы пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 30% құрайды. Тест-емтихан тапсыру барысында білім алушы кемінде 50% (50 балл) жинауы қажет. Тест-емтиханнан 50 баллдан төмен жинаған білім алушыларға семестрлік рейтингінің нәтижесінен тыс «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

Емтиханға келмеген (келмеген себебінен тыс) білім алушыға емтихан ведомосының «Тест-емтихан» деген графасында «келген жоқ» деген белгі қойылады.

Пән бойынша білімін бағалаудың бағасын білім алушыларға тест-емтихан аяқталғаннан кейін жетекші оқытушы хабарлайды.

Тест-емтихан кезінде АМЖБ-да оқытушының болмауы оның өзінің қызметтік міндеттерін дұрыс орындамағаны ретінде қарастырылады. Оқытушының тест-емтихан кезінде АМЖБ-да

болуы тест тапсырмаларының мазмұнына қатысты пайда болатын мәселелерді жедел шешу және білім алушылардың тәртіп сақтауы үшін қажет.

Емтихан жүріп жатқан аудиторияға бөгде адамдар кіруге болмайды.

Тест-емтихан тапсыруға келгенде білім алушының өзімен оны куәландыратын құжаты (жеке куәлігі) болуы тиіс.

Егер емтиханды жедел тапсыратын, сессияны ұзартатын немесе емтиханды басқа күнге ауыстыратын жағдайда (ауру бойынша, басқа жаққа кету, басқа ЖОО-на ауысу және т.б.) білім алушы топ эдвайзерінің қолы қойылған емтиханды ауыстырудың себебін көрсетіп институтқа арыз жазады. Директор рұқсат бергеннен кейін ұйғарым шығарады, тіркеу офисі білім алушының ұйғарымы негізінде емтиханға жібереді.

5.3.3 Аралық бақылаудың бағасына шағымдану рәсімі

Білім алушы компьютерлік тестілеу түріндегі қорытынды бақылаудың бағасына шағымдануға арыз беруге келесі жағдайда құқылы:

- тест тапсырмаларының мазмұнына байланысты:

а) тест тапсырмалары дұрыс құрастырылмаған;

ә) тест тапсырмаларында бірнеше дұрыс жауаптар бар;

б) тест тапсырмаларының дұрыс жауабы жоқ;

в) тест тапсырмалары пәннің ОӘК-де берілген оқу бағдарламасы шеңберінен тыс шықса;

г) тест тапсырмалары ПОӘК-де берілген бағдарламаға сәйкес келмесе.

- техникалық себептерге байланысты:

а) арнайы шрифтер дұрыс бейнеленбесе;

б) графикалық мәліметтер, формулалар дұрыс бейнеленбесе.

Шағымдану тәртібі келесідей: емтихан тапсырғаннан кейінгі екінші жұмыс күні сағат 13-00 дейін білім алушы мазмұны бойынша шағымдану комиссия төрағасының атына арыз жазады, техникалық себептерге байланысты АМЖБ басшысының атына шағымданатын сұрақтың нөмірі мен арыз беру себебін көрсетіп арыз жазады.

Техникалық себептер бойынша шағымдану мүшесінің құрамы: комиссия төрағасы АМЖБ басшысы, комиссия мүшелері — инспектор, АТО инженерлік-бағдарламашысы; тест сұрақтың мазмұны бойынша: комиссия төрағасы — институт директоры немесе жоғары мектеп жетекшісі, комиссия мүшелерін комиссия төрағасы белгілейді

Егер комиссия сәйкессіздіктер тапса, онда білім алушыға автоматты түрде балл қосылады. Сәйкессіздіктер құжатталуы керек (емтихан нәтижесінің қағазда басылып шығарылуы, тест тапсырмалары базасы, скриншоттар (экран бейнесінің автоматты түрде сақталуы), оқытушының түсініктемесі — тест сұрақтарының мазмұны бойынша). Арыздардың хаттама қосылған көшірмесі тіркеу офисіне тапсырылады, мазмұны бойынша түпнұсқасы институтта қалады, техникалық себептерге байланысты — АМЖБ қалады.

5.3.4 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан

МЕ академиялық күнтізбеге сәйкес (СМЖ.08.ПК.05), аралық аттестация кезінде өткізіледі. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕ нәтижесі баллды-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағаланады. Қорытынды бағасын есептеу үшін жіберілу рейтингісінің бағасы (70%) мен мемлекеттік емтихан бағасы (30%) ескеріледі. Мемлекеттік емтиханды (тестілеуді) тапсыру нәтижелері емтихан комиссиясы емтихан ведомостіне қол қойғаннан кейін өткізілген күні жарияланады.

Егер білім алушы «Қазақстан тарихы» мемлекеттік емтихан пәнінен «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған жағдайда, ол келесі оқу жылында қайта оқуға немесе жазғы семестрге тіркеліп, барлық оқу сабақтарына қатынасып, аралық бақылау талаптарын орындап емтиханды қайта тапсырады. Мемлекеттік емтихан (МЕ) қорытындысымен келіспеген білім алушы, МЕ өткізілген күннің келесі күнінен кешіктірмей шағымдана алады.

5.3.5 Тестілеу нысанындағы қорытынды аттестаттау

5.3.5.1 Қорытынды аттестаттау кезінде пәндер бойынша тест тапсырмаларының паспортын жасау тәртібі

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау әртүрлі нысандарда жүргізіледі. Қорытынды аттестаттаудың түрлері: стартап-жобалар, бизнес-жобалармен топтық жұмыс, конкурстық жұмыстар, кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша дипломдық жобалар, зерттеулерге негізделген дипломдық жұмыстар, Case study, ауызша (практикалық) емтихандар, жазбаша

емтихандар немесе эсселер, шығармашылық (емтихандар) жұмыстар, кешенді емтихан (білім алушылар үшін педагогикалық бағыттар), тестілеу (онлайн білім алушылар үшін). Осы формалардың ішінде тестілеу онлайн білім алушылар үшін және педагогикалық бағыттағы білім алушылар үшін кешенді емтихан кезінде өткізілуі мүмкін. Емтиханды өткізу нысаны мен тәртібін ЖОО дербес айқындайды.

Кешенді емтихан пәндердің оқу бағдарламалары негізінде әзірленген мәселелер бойынша педагогтың кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі. Кешенді емтихан бағдарламасы білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығы қалыптастыратын интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

Кешенді емтихан бағдарламасын жобалау механизмі:

- педагогтың еңбек әрекеттері мен түлектің құзыреттілігі арасындағы сәйкестікті анықтау;
- бағалау критерийлерін анықтау;
- бағалау критерийлері бойынша пәндер тізбесін жасау.

Педагогтың білімін бағалау екі блоктан тұрады:

- бірінші блок «Пәндік білім»;
- екінші блок «Оқыту әдістемесі».

«Пәндік білім» блогындағы тапсырмалар терең академиялық білімді, практикалық білік пен дағдыларды тексеруге бағытталған. «Оқыту әдістемесі» педагогтың педагогикалық немесе проблемалық мәселелерді (міндеттерді) шешуге және оларды шешу шарттарын іздеуге кәсіби-педагогикалық дайындығын тексеруге бағытталған.

Кешенді емтихан өткізу түрлері – ауызша, жазбаша (аралас), тестілеу. Кешенді емтиханға арналған тапсырмалардың жоспарланатын нұсқаларының жалпы саны емтихан тапсыратын білім алушылардың (білім беру бағдарламасының түлектерінің) санына байланысты, бір білім алушыға тапсырмалардың 3-4 нұсқасы есептеледі. Ауызша түрде – әр нұсқада 3 сұрақтан 25 билет болады.

Бір білім алушы орындайтын тапсырмалар нұсқаларының саны тапсырма нұсқасының күрделілігіне және барлық тапсырмаларды орындауға жұмсалатын уақытқа байланысты. Ауызша түрде – 20-30 минут; жазбаша (аралас) түрде – 2 сағат. Тестілеу кезінде тест тапсырмаларының нұсқаларының саны және емтиханға берілетін уақыт ҚР ҒЖБМ ҰТО-ң ПББ (педагогтердің білімін бағалау) тесті құрылымы бойынша жасалады.

Тестілеу білім алушылардың білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін айқындау нысандарының бірі болып табылады. Онлайн білім алушыларға арналған тест тапсырмаларының базасын бітіруші Жоғары мектеп қалыптастырады. Пәндердің 2 блогынан тұратын тест тапсырмаларының Паспорты әзірленеді. Паспортта блоктың нөмірі, атауы және пәндер тізбесі көрсетіледі. Әр блокқа бір, екі немесе үш бейіндік пәндер кіруі мүмкін. Пәндердің әр блогы бойынша – 150 тест тапсырмалары жасалады. Екі блок бойынша тест тапсырмаларының жалпы саны = 300. Блоктың әр пәні бойынша тест тапсырмаларының саны пәннің оқу бағдарламасының көлемі мен мазмұнына байланысты. Әр пән бойынша 50-100 тест тапсырмаларын дайындау ұсынылады. Әр пән бойынша тест тапсырмаларының нысаны келесідей болуы керек:

- тест тапсырмаларының 80%-ы – ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау;
- тест тапсырмаларының 20%-ы – ұсынылған алты жауаптың ішінен екі дұрыс жауапты таңдау.

Білім алушыға 30 тест тапсырмаларына жауап беру ұсынылады. Тестілеу уақыты – 90 минут.

Тест емтиханына шығарылған пәндер бойынша тест тапсырмаларының паспорты бітіруші жоғары мектептің отырысында қаралады және тиісті оқу жылының 1 желтоқсанына дейін институт кеңесінде бекітіледі. Жоғары мектеп басшысы бекітілгеннен кейін қолданыстағы академиялық күнтізбеге сәйкес осы білім беру бағдарламасы бойынша аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін кемінде 1 ай бұрын УАВ-қа білім беру бағдарламаларын қорытынды аттестаттау пәндері бойынша тест тапсырмаларының паспортын тапсырады.

5.3.5.2 Тестілік сұрақтарды құру механизмі және оларға қойылатын талаптар

АМЖБ-на тест тапсырмаларын уақытылы дайындау және тапсыру, оның сапасына, рәсімдеуіне мамандық бойынша бітіруші жоғары мектеп жетекшілері жауапты.

Егер жекелеген пәндер бойынша басқа жоғары мектептердің оқытушыларын тарта отырып тест сұрақтарын әзірлеу қажеттілігі туындаса, онда бітіруші жоғары мектептің басшысы тиісті жоғары мектеп (Бұдан әрі - құрама) құрылымында институт директорының атына қызметтік хат жазады. Қызметтік жазбада тест сұрақтарын, пәндерді, пәнге жауапты құрамдас жоғары мектептің атауын, тест сұрақтарын ұсыну мерзімдерін әзірлеу қажет білім беру бағдарламасы көрсетіледі. Егер құрама Жоғары Мектеп басқа институттың құрылымдық бөлімшесі болса, онда қызметтік мектеп бітіруші жоғары мектеп институты директорының визасымен жіберіледі.

Институт директоры қызметтік мектепке сәйкес құрамдас жоғары мектепке тест сұрақтарын әзірлеуді тапсырады және тапсырудың уақтылығын бақылайды.

Жекелеген пәндер бойынша тест сұрақтарын әзірлеу үшін жоғары мектеп басшысы неғұрлым тәжірибелі және білікті оқытушылар қатарынан (бітіруші және/немесе құрамдас) жұмыс тобын тағайындайды. Жоғары мектеп басшысы тест сұрақтарының сапасына толық жауап береді.

Оқу пәні бойынша емтихандық тест сұрақтарын дайындауды тест жоспарынан бастау ұсынылады. Пәннің бөлімдері бойынша түлектердің білім деңгейін анықтау үшін өткен материалдың маңыздылығы мен көлеміне сәйкес сұрақтардың санын алдын ала анықтау қажет. Бұл пән бөлімдерінің сұрақтарын нұсқалар бойынша біркелкі бөлуге мүмкіндік береді.

Тест сұрақтары түлектердің дайындық деңгейін жоғары сенімділікпен бағалауға мүмкіндік беруі керек.

Сұрақтарды тұжырымдау кезінде жалпы қабылданған терминдер мен атауларды қолдану қажет, оларды білім алушылар біржақты түсінуі керек.

Тест тапсырмалары қысқа, тілі түсінікті және анық болуы керек. Көпсөзділікке, көлемділікке жол бермеу керек.

Ұсынылған жауаптар жиынтығында тек біреуі дұрыс, ал қалғандары дұрыс емес, бірақ ақылға қонымды болуы керек.

Тест сұрақтары күрделі және көлемді материалды бөліктерге бөлуі керек. Егер тапсырма жауап беру үшін 2 минуттан артық уақытты қажет етсе, онда оны түзету қажет (бірнеше сұраққа бөлу). Білім алушының бір сұраққа дайындаған жауабы үшін орташа уақыт нормасы - 1,5 мин.

Белгілі бір пәннің бөлімдері бойынша тест сұрақтарын құрайтын оқытушылар:

- көптеген сұрақтардың ішінен ең қажеттілерін таңдаңыз;
- дұрыс жауапты үстірт жолмен табуды болдырмайтын әдіспен әзірлеу;
- білім алушылардың мәселені біржақты қабылдауына қол жеткізу;
- сұрақтардың екіұшты тұжырымын, оларда жауап беруді жеңілдететін кеңестерді болдырмау.

Әр бөлімде (тәртіпте) тест сұрақтарының үш күрделілік деңгейі болуы мүмкін:

Күрделіліктің 1 деңгейі - берілген аймақтың объектілерін, қасиеттерін, процестерін тану. Білімді бірінші деңгейде тексеру үшін объектілерді, құбылыстар мен ұғымдарды тану, ажырату немесе жіктеу тапсырмаларын қолдануға болады.

2 деңгей – репродуктивті алгоритмдік білім. Олар типтік тапсырмаларды орындау тәртібі мен ережелері туралы бұрын игерілген білімді дербес жаңғыртумен және қолданумен байланысты.

3 деңгей-тест тиісті түрлендірулер арқылы типтік есепті шешуге дейін азаяды. Бұл ретте білім алушының қызметі эвристикалық сипатқа ие және логикалық, нәтижелі ойлауды талап етеді. Осы тест тапсырмасын шешу үшін білім алушы дәйекті әрекеттердің нұсқасын таңдауы керек: тапсырманы шешу алгоритмін жасау; жаңа жағдайда өзіне белгілі қызмет әдісін қалай пайдалану керектігін шешу.

Тест түріндегі тапсырмалар формулаларды, сызбаларды, диаграммаларды, фотосуреттерді және т. б. қамтуы мүмкін.

Күрделілік деңгейлері бойынша арақатынасты ұстану ұсынылады: 1-деңгей-40%; 2-деңгей – 40%; 3-деңгей – 20%.

Блок шегіндегі пәндер бойынша сұрақтар тест тапсырмаларының паспортына сәйкес дәйекті түрде орналастырылуы тиіс. Тест тапсырмаларының нөмірленуі әрбір блок бойынша жеке болуы тиіс.

Қазақ және орыс тілдеріндегі тест тапсырмалары бірдей болуы тиіс.

Пәндер бойынша тест тапсырмаларын жоғары мектепте қарайды және институт кеңесі олардың оқу бағдарламасына сәйкестігіне ұсынады, хаттамамен ресімделеді (3-қосымша).

Бітіруші жоғары мектептің жетекшісі АМЖБ бөліміне тест сұрақтарының файлын электронды түрде береді, сондай-ақ қорытынды аттестаттау үшін тест тапсырмаларын ұсыну туралы институт кеңесі отырысының хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі.

Қорытынды аттестаттауға арналған дайын тест тапсырмалары қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 1 ай бұрын АМЖБ бөліміне ұсынылады.

5.3.5.3 Кешенді емтиханға (КЕ) дайындық тәртібі

Қорытынды аттестаттау басталардан 1 ай бұрын Университеттің ақпараттық порталында бітіруші жоғары мектеп КЕ тест тапсырмаларын іліп қояды және бұл туралы білім алушыларды хабардар етеді. Қажет болған жағдайда оларды электронды түрде береді.

Институт директоры қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкім шығарады, тіркеу офисі компьютерлік бағдарламаның көмегімен тестілеуге қол жеткізуді ашады, АМЖБ білім алушыларды тестілеуден өткізеді.

Бітіруші жоғары мектептердің оқытушылары кестеге сәйкес білім алушыларға шолу дәрістерін өткізеді.

Білім алушыларға тестілеуді өткізу технологиясы, тест тапсырмаларына жауап беруге бөлінген уақыт, тест бағдарламасының талаптары мен мүмкіндіктері туралы хабарлануы, сондай-ақ КЕ нәтижелерін бағалау жүйесімен танысуы тиіс.

5.3.5.4 Тестілеу нысанында кешенді емтихан өткізу тәртібі

Тестілеу нысанындағы КЕ аттестаттау комиссиясының бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес АМЖБ-да компьютерлік тестілеу әдісімен жүргізіледі. (СМЖ.09.ҚЕ.01. қосымша 18).

КЕ басталар алдында тестілеу нысанында білім алушы операторға жеке куәлігін ұсынады.

Белгіленген нормаға сәйкес тестілеу бағдарламасына емтиханға жалпы уақыт беріледі. Бағдарлама тест сұрағына жауап алынбаса, оны қайтаруға мүмкіндік береді.

Тестілеу рәсімі келесі ережелермен анықталады:

- КЕ тестілеу нысанында үзіліссіз өткізіледі;
- білім алушы белгіленген уақыттан бұрын КЭ аяқтай алады;
- білім алушы АМЖБ инспекторынан сұрақты апелляцияға берген жағдайда пәндер блогының атауын, тест сұрағын және оның реттік нөмірін жазып алуға құқылы;

Тыйым салынады:

- КЕ тапсырмаларын орындау аяқталғанға дейін тестілеуге бөлінген орынды қалдыруға;
- емтихан кезінде басқа адамдардың көмегіне жүгіну немесе пайдалану;
- шпаргалкаларды, рефераттарды, оқулықтарды және басқа материалдарды пайдалануға;
- ұялы телефондарды пайдалануға.

Жоғарыда аталған ережелерді бұзған білім алушы одан әрі емтихан тапсыру құқығынан айырылып, аудиториядан шығарылуы мүмкін.

Емтиханға қатыса алады:

- аттестаттау комиссияларының төрағасы;
- институт директоры.

КЕ (тестілеу) нәтижелері тестілеу нәтижелерін бағалау шкаласына сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағаланады.

КЕ(тестілеу) тапсыру нәтижелері аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін олар өткізілген күні жарияланады. Хаттаманы рәсімдеу үшін емтихан ведомосы негіз болып табылады.

Тестілеу нәтижелерімен танысқаннан кейін білім алушы апелляцияға құқылы. Білім алушылардың апелляцияға өтініштерін аттестаттау комиссиясының техникалық хатшылары тестілеу өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды.

Апелляцияны өткізу үшін ректордың бұйрығымен біліктілігі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляция қанағаттандырылған жағдайда аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы қайта ресімделеді. Бұл жағдайда бірінші хаттаманың нәтижелері "Бағалау № _ _ _ хаттамамен қайта қаралды" деген жазумен өтеледі _____ Бетте _ _ " және аттестаттау комиссиясының барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды.

Оң бағаны арттыру мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Қанағаттанарлықсыз баға алған немесе қорытынды КЕ-ға келмеген тұлғаларға КЕ қайта тапсыруға осы кезеңдегі қорытынды аттестаттау кезінде рұқсат етілмейді. КЕ қайта тапсыру келесі қорытынды аттестаттауға өткізіледі.

Дәлелді себеппен КЕ тапсыра алмаған білім алушы аттестаттау комиссиясы төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себепін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша аттестаттау комиссиясы отырысының белгіленген күнінде емтихан тапсырады.

Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін аттестаттау комиссиясында ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

5.4 Процестің анықталған тәуекелдері

Анықталған тәуекелдер:

- Ақпараттық жүйесіне тест сұрақтарын уақытында тапсырмау;
- Білім алушылардың тест сұрақтарының мазмұны және техникалық себептер бойынша апелляцияға өтініштері;
- Бағдарламалық жасақтаманың бұзылуы.

Тәуекелдердің алдын алу шаралары:

- ЖМЖ тарапынан тест сұрақтарының уақтылы берілуін бақылау;
- ЖМЖ тарапынан тест сұрақтарының сапасын тексеру;
- Емтихан сессиясына дейін және одан кейін ақпараттық технологиялар орталығының бағдарламашысының бағдарламалық қамтамасыз етуді тексеруі.

5.5 Нәтижелік критерийлері

1. ПОҚ тест сұрақтарын қайта өндеуге қайтару мөлшері – 20 %.
2. Білім алушылардың шағымдануы – тестілеуге қатысқан жалпы білім алушылар санынан 1,5% дан аспау керек.

5.6 Үдерісті басқару және мониторинг (бағалау) әдістері

АМЖБ басшысы, ОЖ жөніндегі проректоры тарапынан бақылау.

6. Құжаттама

Қосымша 5. СМЖ.09.ҚЕ.01. Емтихан сессиясының кестесі

Қосымша 10. СМЖ.09.ҚЕ.01. Шағымдану комиссиясының хаттамасы

Қосымша 18. СМЖ.09.ҚЕ.01. МАК жұмыс кестесі

Қосымшалар 6,7,8,9. СМЖ.09.ҚЕ.01. Емтихан ведомостысы

Қосымша 1. Аралық аттестаттауға арналған тест тапсырмалары туралы жоғары мектеп отырысының хаттамасы

Қосымша 2. Аралық аттестаттау пәндері бойынша тест тапсырмаларының паспорты

Қосымша 3. КЕ тест тапсырмалары туралы институт кеңесі отырысының хаттамасы

Қосымша 4. Қорытынды аттестаттау (КЕ)пәндері бойынша тест тапсырмаларының паспорты

Қосымша 5. Тест тапсырмаларының нысаны

Қосымша 6. "Platonus" жүйесіне арналған тест сұрақтары

7. Сілтемелер

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж. №319-III;

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;

ҚР СТ ИСО 9000-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
СМЖ.08.ҚЕ.06. Университеттің ішкі тәртіп ережелері;
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ң жарғысы.
СМЖ.07.ДП.01. - Ақпаратты құжаттау;
СМЖ.08. ПД.06. Ішкі тәртіп ережелері;
СМЖ.08.ПД.28. - Академиялық саясат;
СМЖ.09.ПД.01 Білім алушыларға ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

_____ жоғары мектебі отырысының

№ _____ хаттамасы

« _____ » _____ 20__ ж.

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Аралық аттестаттау пәндері бойынша _____ курсының _____ білім беру бағдарламасының _____ жоғары мектебінің білім алушыларына арналған тест тапсырмалары ұсынылады

Қаулы:

- Тест тапсырмалары «Аралық және қорытынды аттестаттауды (мемлекеттік емтихан) тестілеу түрінде өткізу» (СМЖ.09.ҚЕ.04) туралы қызметтік ережеде көрсетілген талаптарға сай құрастырылды.

- Аралық аттестаттау пәндері бойынша құрастырылған тест тапсырмаларының реттілік саны дұрыс, ұқсас сұрақтар мен бір сұрақ ішінде ұқсас жауаптар, жауаптардың соңында тыныс белгілер мен бос ұяшықтар жоқ.

- Математикалық формулалардың және растрлы форматта салынған графикалық мәліметтердің сапасы тексерілді.

- Аралық аттестаттауға тест тапсырмалары ұсынылсын.

Жоғары мектеп жетекшісі _____

қолы

аты-жөні

Хатшы _____

қолы

аты-жөні

2-қосымша

Аралық аттестаттау пәндері бойынша тест тапсырмаларының паспорты

Жоғары мектеп _____

Оқу жылы _____

Семестр _____

№	Оқытушының аты-жөні	Оқыту тілінде ЖОЖ бойынша пән атауы	Топ	Кредит саны	Тапсырмалар саны

Жоғары мектеп жетекшісі _____

Аты-жөні, қолы

Күні

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

_____ институты кеңесінің отырысының

№ ____ хаттамасы

« ____ » _____ 20__ ж.

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Қорытынды аттестаттау пәндері бойынша _____ курсының _____ білім беру бағдарламасының _____ жоғары мектебінің білім алушыларына арналған тест тапсырмалары ұсынылады

Қаулы:

- Тест тапсырмалары «Аралық және қорытынды аттестаттауды (мемлекеттік емтихан) тестілеу түрінде өткізу» (СМЖ.09.ҚЕ.04) туралы қызметтік ережеде көрсетілген талаптарға сай құрастырылды.

- Қорытынды аттестаттау пәндері бойынша құрастырылған тест тапсырмаларының реттілік саны дұрыс, ұқсас сұрақтар мен бір сұрақ ішінде ұқсас жауаптар, жауаптардың соңында тыныс белгілер мен бос ұяшықтар жоқ.

- Математикалық формулалардың және растрлы форматта салынған графикалық мәліметтердің сапасы тексерілді.

-Қорытынды аттестаттауға тест тапсырмалары ұсынылсын.

Институт кеңесінің төрағасы _____
қолы аты-жөні

Жоғары мектеп жетекшісі _____
қолы аты-жөні

Хатшы _____
қолы аты-жөні

Келісілді
ИОӘБ төрағасы

Бекітемін
Институт директоры

_____ колы аты-жөні
«__» _____ 20__ ж.

_____ колы аты-жөні
«__» _____ 20__ ж.

Білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан пәндеріне арналған тест тапсырмаларының
паспорты

Пән бойынша блок атауы	Блоктар бойынша пәндер тізімі	Пән бойынша кредит саны	Тест сұрақтарының саны
1 блок. Базалық пәндер	A 1	1	50
	B 1	2	50
	C 1	3	50
Барлығы:	3	6	150
2 блок. Кәсіптік пәндер	A 2	3	50
	B 2	3	100
Барлығы:	2	6	150
Барлығы:	3	6	300
<i>Ескерту: әр блок бойынша пәндер тізімі бітіруші жоғары мектепте дайындалып институт кеңесінде бекітіледі.</i>			

Жоғары мектеп жетекшісі _____ колы аты-жөні
кафедра атауы _____

5-қосымша

Тест тапсырмаларының нысаны

_____ пәні бойынша 20__-20__ оқу жылына арналған тест тапсырмалары
оқыту тілінде ЖОЖ бойынша пән атауы _____

____ семестр, _____ курс, _____ топ
Оқытушы: _____
Толығымен аты-жөні _____

№	Тақырып №	Сұрақ	Күрделілік деңгейі	Жауап А) (дұрыс)	Жауап В)	Жауап С)	Жауап D)	Жауап E)
1								
2								
3								

Қосымша 6. "Platonus" жүйесіне арналған тест сұрақтары**бір жауабы дұрыс жабық сұрақ
(5 жауап, ішінен 1 дұрыс)**

<question1>сұрақ мәтіні
 <variant> дұрыс жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап

<question2> сұрақ мәтіні
 <variant> дұрыс жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап

<question3> сұрақ мәтіні
 <variant> дұрыс жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап

**бірнеше жауабы дұрыс жабық сұрақ
(8 жауап, ішінен 3 дұрыс)**

<question1> сұрақ мәтіні
 <variantright> дұрыс жауап
 <variantright> дұрыс жауап
 <variantright> дұрыс жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап

<question2> сұрақ мәтіні
 <variantright> дұрыс жауап
 <variantright> дұрыс жауап
 <variantright> дұрыс жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап
 <variant> дұрыс емес жауап



УТВЕРЖДАЮ

Председатель прихода - ректор
НАО Западно-Казахстанского
аграрно-технического университета
имени Жансаяр хана

С.И.
« 16 » _____ 2021 г.



ПОЛОЖЕНИЕ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**ПРОВЕДЕНИЕ ПРОМЕЖУТОЧНОЙ И ИТОГОВОЙ
АТТЕСТАЦИИ (ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЭКЗАМЕН)
В ФОРМЕ ТЕСТИРОВАНИЯ**

СМК.09.ПД.04

Редакция № 07

Экземпляр № ____

Разработано: <i>16.08.2021</i>	Согласовано: <i>25.08.2021</i>	Введено: <i>27.08.2021</i>
Муталова Ж.С. <i>[Signature]</i>	Губашев Н.М. <i>[Signature]</i>	Взамен: СМК.09.ПД.04 от 10.05.2021 г.
	Бакушев А.А. <i>[Signature]</i>	Пересмотр: <i>27.08.2015</i>
	Алмагамбетова М.Ж. <i>[Signature]</i>	
	Ихсапов Е.Б. <i>[Signature]</i>	

Содержание

- 1 Цель
- 2 Применение
- 3 Термины и сокращения
- 4 Ответственность и полномочия
- 5 Описание
- 6 Документация
- 7 Ссылки

Изменения				
№	Дата введения	Номера страниц	Разработчик	
			ФИО	Подпись

1. Цель

Настоящее положение о деятельности регламентирует порядок организации и проведения промежуточной и итоговой аттестации (государственный экзамен) обучающихся Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана (далее - университет) в форме тестирования, с целью оценки уровня знаний при освоении ими основных образовательных программ высшего и послевузовского образования в соответствии с требованиями ГОСО РК.

2. Применение

Настоящее положение действительно для всех структурных подразделений университета, участвующих в организации и проведении промежуточной и итоговой аттестации (государственный экзамен) обучающихся в форме тестирования.

3. Термины и сокращения

Термины и определения, применяемые в настоящем положении, соответствуют СТ РК ISO 9001-2016 Системы менеджмента качества. Требования.

При управлении записями системы менеджмента качества используются сокращения, приведенные в процедуре СМК.07.ДП.01. – Документирование информации, СМК.09.ПД.01 О проведении текущего контроля, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся.

4. Ответственность и полномочия

Обеспечение качественного проведения промежуточной и итоговой аттестации (государственного экзамена) в форме тестирования является общей ответственностью его участников - преподавателей, Высшей школы, Института, Управления по академическим вопросам, Центра цифрового развития.

5. Описание

5.1 Общие положения

Настоящее Положение описывает порядок проведения промежуточной и итоговой аттестации (государственного экзамена) в форме тестирования обучающихся в соответствии с академической политикой ЗКАТУ им.Жангир хана и установленной балльно-рейтинговой буквенной системой оценки учета учебных достижений обучающихся.

Промежуточная и итоговая аттестация (государственный экзамен) в форме тестирования проводится на компьютере с помощью специальной тестирующей программы.

Промежуточная и итоговая аттестация (государственный экзамен) обучающихся осуществляется в соответствии с рабочим учебным планом, академическим календарем и учебными программами.

